

## Атбасар қаласының құрамдас бөлектерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 ақпандағы № а-2/90 қаулысы және Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 ақпандағы № 6С 29/9 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 наурызда № 7092 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Атбасар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Атбасар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Атбасар қаласының құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) № 2 шағын ауданы Армандастар шағын ауданына;
- 2) Чкалов көшесі Қанай би көшесіне;
- 3) Пугачев көшесі Желтоқсан көшесіне;
- 4) Радиоузельная көшесін Өндіріс көшесіне.

2. Осы Атбасар ауданы әкімдігінің қаулысы мен Атбасар аудандық мәслихаттың шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Атбасар ауданының әкімі*  
*Аудандық мәслихат*  
*сессиясының төрағасы*  
*Атбасар аудандық*  
*мәслихат хатшысы*

*А.Қалжанов*  
*С.Молодикова*  
*Б.Борұмбаев*